

Астанада барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумы өтті. Еліміздегі кешенді саяси, экономикалық реформаларды іске асырудағы, мемлекеттік басқару жүйесіндегі мәслихаттардың рөлі талқыланған жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, Қазақстанда кең ауқымды, тарихи өзгерістер жүзеге асып жатқанына тоқтала келіп, бұл орайда мәслихаттардың алдында тұрған миссия айрықша екенін айтты.

2

№30
(4928)
Сенбі
14 наурыз
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖАЛҒАН АҚПАРАТТАН САҚТАНАЙЫҚ!

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЕРБОЛ ХАМИТОВ – ПАРАЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ

Италияда өтіп жатқан Паралимпиада ойындарында отандасымыз Ербол Хамитов чемпион атанды.

Осыдан екі күн бұрын Паралимпиада жарыстарында қола жүлде алып, жанкүйерлерін қуанышқа бөлеген Ербол Хамитов кешегі өткен сайысқа тас-түйін дайындалып шықты. Атап айтқанда, ол пара биатлоннан 4,5 шақырымдық із кесу жарысында алтын медаль жеңіп алды. Тартысты бәсекеде күміс жүлдені украиналық пара спортшы, ал қола медальді қытайлық биатлоншы иеленді.



НАУРЫЗНАМА ДАСТАНЫ

Наурыз мейрамына орай елордада 200-ден астам түрлі бағыттағы іс-шара ұйымдастырылады. Дәстүр бойынша Наурызнама мерекелік онкүндігінің әр күні ұлттық құндылықтар мен белгілі бір тақырыпқа арналады. Биыл Наурыз мерекесін атап өтудің ерекшелігі – цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарының белсенді қолданылуы. Наурызнаманың онкүндігі 14 наурыз – Көрісу күнін (Амал мерекесі) атап өтуден басталды.

«NAURYZ SALE» ЖӘРМЕҢКЕСІ


Елордада 14-15 наурыз күндері Наурыз мейрамына арналған азық-түлік жәрмеңкелері ұйымдастырылады.

Онда Қазақстанның түрлі өңірінен келген фермерлер мен өндірушілердің қолжетімді бағамен сатылатын өнімдері ұсынылады. Жәрмеңкелер сағат 10:00-18:00 аралығында мына мекенжайларда өтеді:

- «Keryen joly» сауда орталығы (Алаш тасжолы, 35Б);
- «Koktal» сауда орталығы (Н.Тілендиев даңғылы, 12А);
- «Евразия» сауда орталығы (Қ.Сәтбаев көшесі);
- Астаналық базар (С.Сейфуллин көшесі, 47);
- «Damu Mall» (Ж.Нәжімеденов көшесі, 26);
- «Шапағат» базары (Бөгенбай батыр даңғылы, 69);
- «Сауран» базары (Алматы көшесі, 3).



АСТАНАДА **15 НАУРЫЗ** КҮНІ ӨТЕТІН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛАЛЫҚ, ЭКСПРЕСС ЖӘНЕ ҚАЛА МАҢЫНДАҒЫ АВТОБУС БАҒЫТТАРЫНДА ЖОЛ ЖҮРУ ТЕГІН БОЛАДЫ.



№30 (4928) 14/03/2026 Сенбі



МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ ОДАН ӘРІ КЕҢЕЙЕДІ

Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумы өтті. Онда сөз сөйлеген Президент бұл басқосудың еліміз үшін мән-маңызы айрықша екенін атап өтті.

Жиында кешенді саяси, экономикалық реформаларды іске асырудағы, сондай-ақ мемлекетті басқару жүйесіндегі мәслихаттардың рөлі талқыланды.

«Өздеріңізге мәлім, Қазақстанда кең ауқымды, тарихи өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Игі бастамалардың бәрі де халықтың әл-ауқатын арттыру үшін қолға алынды. Біз мемлекеттік басқару жүйесін, экономиканы және әлеуметтік саланы түбегейлі жаңғыртуға кірістік. Бұл орайда, мәслихаттардың алдында тұрған миссия – айрықша. Өкілді органдарды күшейту мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді. Біз бұған дейін біраз шаруа атқардық. «Қуатты аймақтар – қуатты ел» қағидатына сәйкес, мәслихаттардың беделін көтердік. Соның арқасында осы құрылымдар мемлекеттік басқару жүйесіндегі басты институттың біріне айналды. Дегенмен мәслихаттардың әлеуетін одан әрі күшейту үшін бірқатар міндетті орындауымыз керек» деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өз сөзінде сол міндеттерге қысқаша тоқталды.

«Бірінші міндет. Аймақтар өз бюджетін мұқият жоспарлап, табысын арттыруға баса мән беруге тиіс. Біз жергілікті билiктің әлеуетін және аймақтардың қаржылық дербестігін біртіндеп күшейтіп жатырмыз. Былтыр ауылдық округтердің бюджеті 442 миллиард теңгеден асты. Бұл қаражаттың үштен бірі – елді мекендердің өз табысы. Оның үстіне, еліміздегі ауылдық округтердің орташа бюджеті 190 миллион теңгеге жетті. Бұл – жақсы көрсеткіш. Биылдан бастап ауылдық округтер қосымша табыс көзіне ие болмақ. Атап айтқанда, кең таралған пайдалы қазбалар өндірісіне, жерасты сулары мен емдік балшықтарды пайдалануға салынатын салықты өздері жинап, қажетіне жаратады. Менің тапсырмама сәйкес, қазір Үкімет заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығының бір бөлігін төртінші деңгейдегі бюджеттерге беру мәселесін пысықтап жатыр. Сондай-ақ аймақтарға жекелеген қызмет түрімен айналысуға арналған лицензиялық алымнан, экологиялық айыппұлдардан түсетін қаражат та берілуі мүмкін. Бұл – өте дұрыс ұстаным. Түскен табыс, ең алдымен, сол аймақты дамытуға жұмсалуы керек. Бір сөзбен айтқанда, жергілікті жерде қордаланған мәселелерді шешу үшін мүмкіндік те, ресурс та арта түспек. Мәслихаттарға жүктелетін міндет – осы қаражаттың тиімді жұмсалуын қатаң бақылау. Аймақтарда бюджетті жоспарлау және орындау жұмысының сапасын арттыру айрықша маңызды. Мен мұны Үкіметтің жақында өткен кеңейтілген отырысында айттым. Қазіргі тәртіпке сәйкес жергілікті бюджет бекітілетін кезде депутаттарға жалпы мәлімет қана ұсынылады, тиісті түсініктемелер берілмейді. Сондай-ақ бюджет жобасы мәслихаттың қарауына соңғы сәтте жолданады. Сол себепті оны депутаттар үстірт қарап, қысқа мерзім ішінде қабылдауына тура келеді. Соның салдарынан қаражат халықтың нақты қажеттілігін өтемейді, тиімсіз жобаларға жұмсалып кететін жағдайлар пайда болды. Ешкімге нақты жауапкершілік жүктелмеген соң, мәселе сұраусыз қалады. Демек жергілікті деңгейде тиісті бақылау жүргізілмейді деген сөз. Соның бәрі жергілікті тұрғындардың наразылығын туғызады. Мұндай келеңсіздікке тосқауыл қою үшін өкілді орган бюджетті жоспарлау үдерісіне әуел бастан атсалысуы керек. Бірақ бюджет бойынша барлық талқылау тек мемлекет пен өңірлік мүдделерге негізделуге тиіс, лоббизмге немесе популизмге жол бермеу керек. Басты ұстаным – бәрі де халық үшін. Әкімдіктегі бюджеттік комиссияның құрамына білімді, беделді мәслихат депутаттарын қосқан жөн. Осылайша, жұмыстың сапасын арттырып, қаражаттың тиімді жұмсалуын қадағалауға болады. Қыруар қаржыны оңды-солды шашып, пайдасы жоқ бастамаларға жұмсауды доғару қажет. Әкімдер республикалық бюджеттен берілетін түрлі дотацияға сеніп отыра бермеуі керек. Масылдық ұғымынан біржола арылу қажет. Жергілікті билік өкілдері табысты көбейту үшін белсене жұмыс істеуге тиіс. Бюджет қабылданатын кезде «Қанша жұмыс орны ашылады, жеке инвестиция тартыла ма, бизнестің дамуына қандай жағдай жасалады, қанша салық төленеді?» деген сауалдарға нақты жауап берілуі керек. Күрішті күрмектен ажырата білу қажет. Бұл – барлық деңгейдегі әкімдер мен мәслихаттар депутаттары, ең алдымен, мемлекет мүддесіне қызмет ететін бір ұжым, бір команда деген сөз. Барлық аймақтың мәслихаттары мен әкімдіктері бірлесіп, бюджеттің әр теңгесінің ел игілігіне жұмсалуын қамтамасыз етуге міндетті» деді Президент.

Мемлекет басшысы тоқталған екінші мәселе – мәслихаттардың өкілеттігін одан әрі кеңейтіп, нақтылай түсу.

«Бұл – айрықша маңызы бар міндет. Олардың жергілікті билік жүйесіндегі рөлін күшейту қажет. Әкімдер халықпен кездескенде азаматтардың көбі нақты мәселелерді айтып, бірнеше сұрақ қояды. Сондай түйткілдер дұрыс шешімін табуы үшін депутаттық корпус белсенді түрде бақылау жасап, әкімдермен бірге жұмыс істеуі керек. Сондай-ақ мәслихаттардың ішкі жұмыс тәртібін ретке келтіріп, қайта қараған абзал. Олардың көптеген құзыреті әлі күнге дейін айқын емес. Бұл ахуал мемлекеттік басқару үдерісіне кедергі келтіріп отыр. Сондықтан өз міндетін орындамаған немесе этиканы бұзған мәслихат депутаттарының жауапкершілігін күшейтетін нақты шаралар қабылдау қажет. Мұндай қадам халықтың саяси мәдениетін дамытуға және өкілді билік институтына деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Біз басқарудың ротациялық тәртібін мемлекеттік биліктің барлық деңгейіне біртіндеп енгізіп жатырмыз. Қазіргі таңда сайланатын әкімдердің өкілеттігі екі мерзіммен шектелген. Енді мәслихат төрағаларын ротация тәртібімен ауыстыру қағидатын енгізу керек деп санаймын. Бұрын мәслихаттарды басқаратын хатшылары болды, енді төрағалар басқарып отыр. Бұл, меніңше, дұрыс шешім болды. Алайда олардың өкілеттігі де екі мерзімнен аспауы қажет. Осындай әдіс арқылы кәсіби депутаттық корпус қалыптастырып, оның тиімділігін арттыруға болады. Бұл ұстаным елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалардың логикасына сай келеді. Барлық деңгейдегі билік өкілдері халықпен ашық әрі түсінікті әңгіме, сұхбат орната білуі керек. Шағымданатын азаматтардың арасында түрлі адам болады, бұл – белгілі нәрсе. Десек те, шын мәнінде, мұқтаж адамдар аз емес, оларға қолғабыс етуіміз керек. Бүгінде орталыққа аймақтардан жолданатын арыз-шағымдар көбейіп кетті. Бұл мәселе туралы мен Жолдауымда айтып өттім. Былтыр Президент Әкімшілігіне шамамен 83 мың өтініш келіп түскен. Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда 30 пайызға көп. Шағымдардың басым бөлігін жергілікті деңгейде қарап, дер кезінде шешуге болатын еді. Ешкім де мүлде мүмкін емес мәселені айтпайтыны белгілі. Ашығын айтқанда, жұрт өңірдегі биліктен ең қарапайым деген мәселелерге қатысты түсініктеме ала алмайды, қиналады. Содан соң азаматтар елордаға хат жолдап, тікелей Президентке жүгініп жатады. Шын мәнісінде, олардың арасында үнемі арыз жазатын «кәсіби» шағымданушылар бар, бірақ көбі өз мұң-мұқтажын айтып, Ақордаға шағымдануға мәжбүр. Мәслихат депутаттары халық пен билік арасындағы көпір болуға тиіс. Олар тұрғындардың мәселесін шешуге көмектесуі керек. Осы маңызды жұмысқа олардың құзыреті толық жетеді. Былтыр облыстық деңгейде атқарушы органдарға 6 мыңға жуық депутаттық сауал жолданды. Бірақ оның саны емес, сапасы маңыздырақ, яғни, мәслихаттар осы мүмкіндікті тиімді пайдалануға тиіс. Түптеп келгенде, аймақтардың дамуы, тұрмыс сапасының жақсаруы, жұрттың билікке зор сеніммен қарауы Сіздердің қызметтеріңізге тікелей байланысты. Осыны әрдайым басты назарда ұстаған жөн» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы атап айтқан тағы бір мәселе – толық цифрлық мемлекет құру.

«Бұл мақсаттың еліміз үшін маңыздылығын жақсы білесіздер. Мәслихаттар бұл үдерістен тыс қалмауға тиіс. Озық технологиялар мен жасанды интеллектіні мемлекеттік басқару жүйесінің барлық саласына енгізу стратегиялық маңызы бар мақсатқа айналды. Еліміздің жарқын болашағы осы мақсаттың табысты іске асуына тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда, мәслихаттардың осы жұмысқа белсенді атсалысқаны абзал. Сондай-ақ депутаттардың кәсіби білігін арттырып, цифрлық құзыретін кеңейту өте маңызды, онсыз істелген жұмыстың бәрі бос болмақ. Бұл шаруамен Мемлекеттік басқару академиясы белсенді және тиімді түрде айналысуға тиіс. Менің білуімше, таяу арада нәтижелер де белгілі болмақ. Бүгінге дейін 1200-ге жуық депутат арнайы оқу курсына шақырылып, кәсіби тұрғыдан шыңдалды. Енді биыл басталған AI Governance 500 бағдарламасының аясында облыстық мәслихаттардың аппарат басшыларын оқыту қажет. Жалпы, елімізде жасалып жатқан цифрлық өзгерістер орталық пен аймақтар арасындағы алшақтықты мейлінше азайтуы қажет» деп түсіндірді Мемлекет басшысы.

Президент тоқталған үшінші міндет – мәслихаттар жоғары заң шығарушы органға қажетті кадрларды даярлауға белсене атсалысуы керек.

«Референдумға шығарылған Конституция жобасында жаңа бір палаталы Құрылтайдың депутаттары пропорциялы өкілдік жүйе негізінде сайланады деп көрсетілген. Бұл қадам саяси партиялардың рөлін күшейтіп, заң шығару жұмысының сапасын арттыратыны күмәнсіз. Мұндай ұстаным озық халықаралық тәжірибеге толық сай келеді. Біз көптеген мемлекеттердің пропорциялы сайлау жүйесіне көшіп жатқанын көріп отырмыз. Дамыған елдерде де осындай жүйе бар. Себебі бұл тәсіл өз тиімділігін көрсетті. Конституция жобасын әзірлеу кезінде кейбір партия барлық деңгейдегі мәслихаттарды да осы жүйемен жасақтауды ұсынды. Бірақ менің бұл мәселеге қатысты көзқарасым нақты. Аймақтарда мажоритарлық, яғни бір мандатты жүйе сақталады. Бұл өте маңызды. Себебі дәл осы мәслихат депутаттары жергілікті жерде сайлаушылармен үнемі байланыста болып, қоян-қолтық жұмыс істейді. Сонымен бірге мұндай жүйе ешқандай партияға кірмейтін, бірақ халық сенетін іскер азаматтар үшін тағы бір тиімді саяси баспалдақ болмақ. Сол арқылы мәслихаттардың рөлі арта түседі. Ауқымды реформаларды сапалы жүзеге асыру үшін мейлінше тиімді әрі кәсіби заң шығару қызметін жолға қоюымыз керек. Ал еліміздегі өкілді билік жүйесінің негізі аймақтарда қалыптасады. Сондықтан мәслихаттардың қызметі айрықша маңызды екенін үнемі есте ұстаған жөн. Себебі жұрт өз мәселесін ең алдымен депутаттарға айтады. Ал халықтың сенімін ақтаудан артық абырой жоқ. Түптеп келгенде, депутат болу – ел адамы болу деген сөз. Бұл – мәртебесі биік, жауапкершілігі зор қызмет. Ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, ел игілігі үшін еңбек ететін азаматтар нағыз депутат деген атқа лайық, осындай азаматтар міндетті түрде халықтың сенімі мен құрметіне ие болады. Депутат халықтың сеніміне сызат түсіретін әрекеттен аулақ болуы қажет. Өйткені мұндай әрекет бүкіл мемлекеттік аппараттың, тұтас билік жүйесінің беделіне нұқсан келтіреді. Сіздер осы жауапкершілікті дұрыс түсініп, терең сезініп, қызметтеріңізді адал атқара бересіздер деп кәміл сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Таяу Шығыстағы ахуалдың ушығуы қазірдің өзінде жаһандық қауіпсіздіктің іргесін шайқап, әлем экономикасына зардабын тигізгеніне тоқталды. Елімізде ауқымды реформалар жүргізуде бір ғана мақсатты көздейтінімізді, яғни мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігін нығайту, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халқымыздың әл-ауқатын жақсарту екенін қадап айтты.

«Бір сөзбен, әлемдегі күрделі геосаяси ахуал мен ел ішіндегі өзекті түйткілдерге қарамастан, Қазақстан дамудың даңғыл жолына түсіп, нық сеніммен алға қадам басып келеді. Жалпы, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан адам капиталын жаһандық бағалаудағы позициясын айтарлықтай нығайтып, 160-тан аса елдің арасында 42-орынға табан тіреді. Бұл кездейсоқ емес» деп сөзін түйіндеді Мемлекет басшысы.

Жиында Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ, Алматы облысындағы «Дәулет-Бекет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі Сыдық Дәулетов, Мәжіліс депутаты Константин Авершин, Алматы қалалық мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев, Петропавл қалалық мәслихатының депутаты Елена Семидоцких, Жетісу облыстық мәслихатының депутаты Гүлнәр Тойлыбаева, Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы Илья Теренченко, Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының төрағасы Ардақ Бораш, Ақтөбе қалалық мәслихатының депутаты Аслан Қайырғалиев сөз сөйледі.



ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Дүниежүзілік тұтынушылар күні мерекесі қарсаңында «Әділет» қоғамдық бірлестігі Астана қаласының әкімдігі және Ардагерлер кеңесімен бірлесіп, тұрғындарға арналған ақпараттық іс-шара өткізді. Онда тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері талқыланып, қолданыстағы заңнама нормалары түсіндірілді.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

– «Әділет» қоғамдық бірлестігі Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарымен және қалалық Ардагерлер кеңесімен бірлесіп, тұтынушылардың құқығын қорғау бағытында тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. Бұл ынтымақтастық халыққа құқықтық кеңес беру, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және әлеуметтік осал топтардың мәселелерін шешуге көмектесуге бағытталған. Бірлескен іс-шаралар арқылы азаматтардың құқықтық сауаттылығы артып, тұтынушылардың заңды мүддесін қорғау тиімді жүзеге асуда, – деді «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркін Томпиев.

– Биыл Telegram Bot арқылы 503 өтініш келіп түсіп, тұтынушылардың сұрақтарына түсіндірме берілді. Жеке қабылдау барысында 478 азаматтың мәселесі қаралды. «Жедел желі» телефонына 485 қоңырау келіп түсті, әрбір тұтынушыға мамандар тарапынан түсіндірме және кеңес берілді, – деді Астана қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы Гүлзада Алматбаева.

2026 жылы кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты 138 әкімшілік іс қаралған. Тұтынушылардың құқығын бұзғаны үшін 41 кәсіпкерге ескерту түрінде әкімшілік жауапкершілік қолданылып, 97 кәсіпкерге 3 миллион теңге көлемінде айыппұл салынған.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР ЖАНДАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Референдумға дайындық аясында Астана қаласында арнайы мониторингтік топ референдум учаскелеріне аралау жұмысын жүргізді. Іс-шараның басты мақсаты – мүгедектігі бар азаматтардың өз сайлау құқығын кедергісіз жүзеге асыруына қажетті жағдайдың жасалуын тексеру.

Мониторингтік топ құрамына қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен мүгедектігі бар азаматтардың құқығын қорғау жөніндегі сарапшылар кірді. Аралау барысында учаскелердегі пандустардың талаптарға сәйкестігі, арнайы жабдықталған дауыс беру кабиналарының қолайлылығы, Брайль шрифтімен жасалған трафареттер мен нашар көретін жандарға арналған үлкейту құралдарының болуы, сондай-ақ ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдарының қолжетімділігі тексерілді.

Тексеру барысында кейбір учаскелерге техникалық жақсартулар енгізу жөнінде ұсыныстар берілді. Анықталған олқылықтарды референдум күніне дейін жою туралы тиісті комиссияларға нұсқамалар жолданды.

Астана қаласында референдум өткізу үшін 430 учаске жұмыс істейді. Қазіргі уақытта олардың барлығы дерлік маңызды саяси науқанды өткізуге дайын. Жауапты органдар барлық азаматтардың, соның ішінде мүгедектігі бар жандардың да, референдумға толыққанды қатысуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізді.

МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ КҮЙ

Астана қаласы Нұра ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының «Қыздар-ай» халық ансамблінің қатысушылары «Қош келдің, әз-Наурыз!» атты мерекелік флешмоб өткізді.



Ұжым елордада ғана танымал емес, «Қыздар-ай» ансамблі Қазақстанның өңірлері мен жақын шетелдерге де гастрольдік сапармен барып жүр. Ансамбль жетекшісі Ирина Смағұлованың айтуынша, өткен жылы ұжым Қырғызстан мен Өзбекстанға барып, Summer Fest Kyrgyzstan және Summer Fest Tashkent байқауларына қатысқан. Қырғызстанда халықтық және классикалық би номинациялары бойынша бақ сынаған. Аталған байқауға 40-тан астам хореография ұжымы қатысыпты. «Қыздар-ай» екі номинация бойынша жеңімпаз атанып, гран-при мен бірінші орынды жеңіп алды. Ыстықкөлде ансамбль көрермендерге «Әсемдік», «Биле-биле» және «Экспрессия» композицияларын ұсынған. Өзбекстанда ұжым әртүрлі номинация бойынша 3 гран-при алды. Биыл Түркияға баруды, сондай-ақ топтың мерейтойы аясында елордада шығармашылық кеш өткізуді жоспарлап отыр. Ұжымның басты жаңалығы – 2025 жылдың қараша айында ансамбльдің «халықтық» деген мәртебеге ие болуы. Репертуарында қазақтың халық билері мен әлем халықтарының билері бар. Ансамбль бишілерінің жасы – 62-76 жас аралығында. Наурыз мерекесіне арналған флешмобқа 50 биші қатысып, астаналықтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

LRT: ЖОЛАҚЫ – 200 ТЕҢГЕ

Ашық НҚА порталында Астана қаласының әкімдігі әзірлеген «Қаладағы жеңіл рельстік көлікпен (LRT) жолаушылар мен жүкті тасымалдау тарифі туралы» жобасы жарияланды.

«Жобаға сәйкес, жеңіл рельстік көлік желісінде бір сапарға билет құны 200 теңге деп белгіленген. Төлем қолма-қол және қолма-қол ақшасыз жүргізіледі» делінген хабарламада. Сонымен бірге 2017 жылғы 20 шілдедегі №167/21-VI Астана қаласы мәслихатының шешімімен Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын жекелеген санаттағы азаматтар қоғамдық көліктегі төлемнен босатылған. Жоба Ашық НҚА порталында қарау және қоғамдық талқылау үшін қолжетімді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Наурыз мейрамы қарсаңында Астана қаласы Байқоңыр ауданының зейнеткерлері «Жақсылық жасап жарысайық!» атты қайырымдылық акциясын өткізді. Йога үйірмесіне қатысатын белсенді әжелер әр бейсенбі сайын қайырымдылық шараларын ұйымдастыруды игі дәстүрге айналдырған.



Байқоңыр ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің спорт нұсқаушысы Эльвира Шамсутдинованың жетекшілігімен бірқатар зейнеткер азық-түлік себетін дайындады. Қайырымдылық себетіне ең алдымен күнделікті тұрмысқа қажетті негізгі азық-түлік түрлері салынды. Ерікті әжелер бұл жолы елорданың шалғай аумағында орналасқан «Өндіріс» тұрғын алабының тұрғындарына көмек көрсетті. Атап айтқанда, көпбалалы, жалғызбасты аналарға, сондай-ақ жалдамалы пәтерде тұратын отбасыларға қолдау білдірді. Ал әлеуметтік қиындықтарға тап болған отбасылар волонтер әжелерге жүрекжарды алғысын айтып, ақ батасын берді. Қайырымдылық акциясы зейнеткерлердің қоғамдағы белсенділігі мен мейірімділігінің жарқын көрінісіне айналды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – БАЛАЛАР КӨЗІМЕН

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Елордадағы №65 «Бал бала» балабақшасында «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын ілгерілету мақсатында «Ережелер еліне саяхат» атты ауқымды бейнероликтер челленджі өтті.



Индира БЕРЖАНОВА

Бұл бастама бүлдіршіндерді жауапкершілікке үйретіп, жол қозғалысы ережелерін қызықты форматта меңгеруге бағытталды. Мазмұнды іс-шарада балалар 3 бағыт бойынша шеберлігін көрсетті. Алғашқысы «Жолда жүру – ортақ тәртіп» бағыты бағдаршам мен жол белгілерінің маңызына арналды. Одан кейін «Мәдениетті бала» бағытына сәйкес балалар қоғамдық орындағы мәдениет пен дүкендегі тәртіп бойынша білімін ортаға салды.

– Біздің мақсатымыз – заң мен тәртіпті құрметтейтін, қауіпсіздік ережелерін жетік білетін саналы әрі адал азамат тәрбиелеу, – деді өз сөзінде елордалық «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» КММ әдіскері Айнұр Әмірханова.

Ал Астана қаласы Полиция департаментінің патрульдік полиция полкі қызмет инспекторы, полиция капитаны Ағланбек Қабдолов құқықтық сауаттылық пен тәртіп балабақша қабырғасынан басталуы тиіс екенін айтты. Мұндай іс-шаралар балалардың жол жүру ережелерін жаттап қана қоймай, заң мен тәртіпті құрметтеуін қамтамасыз етеді.



№30 (4928) 14/03/2026 Сенбі



ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

Елордада өнеркәсіп саласы қарқынды дамып келеді. 2025 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша өнеркәсіп көлемі жоспарлы көрсеткіштің үштен біріне артық орындалып, 3,5 трлн теңгені құрады, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі – 3,3 трлн теңге. Коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Нұржан Әшімов осы туралы хабарлады.

Өткен жылы атқарылған жұмыстың қорытындысы бойынша елордада белсенді жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 270 мыңнан асты. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 10,1%-ға жоғары. Жалпы 2025 жылы 25 мыңнан астам жаңа кәсіпорын ашылған. 2025 жылдың 9 айында кәсіпкерлер шамамен 15 трлн теңгенің өнімін өндіріп, өсім 22%-ды құраған.

– Бизнесті қолдау мақсатында «Даму» қорының базасында шағын және орта бизнеске арналған кепілдік қоры құрылды. Ол қаржыландыру көлемі 7 млрд теңгеге дейінгі жобаларды қамтиды және жеткілікті кепілзаты жоқ кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған, сондай-ақ мемлекет қаражатына тәуелділікті азайтуды көздейді. «Даму» қоры несие сомасының 85%-ына дейін кепілдік береді, бұл кәсіпкерлерге несиені тиімді шарттармен алуға мүмкіндік береді. 2025 жылы бұл қор жүзеге асыратын «Өрлеу» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы да енгізілді. Бағдарлама басым секторлар бойынша іске асырылады, жеңілдетілген несиенің ең жоғары сомасы – 7 млрд теңгеге дейін, мөлшерлемесі – 12,6%. Сонымен қатар «Астана бизнес» жергілікті жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы жұмыс істейді, – деді Нұржан Әшімов.

Айтуынша, өнеркәсіп кәсіпорындарының басым бөлігі №1 индустрия паркі аумағында орналасқан. Мұнда жалпы құны 372 млрд теңгеден асатын 145 жоба бар. Оның 96-сы іске қосылып, толық жұмыс істеп тұр, ал 49 жоба іске асыру сатысында. Парк аумағында 30-дан астам жоба шетелдік инвестициялардың қатысуымен жүзеге асып жатыр. 2025 жылы 57,9 млрд теңге сомасына 26 жоба пайдалануға беріліп, 1665 жұмыс орны ашылды.

– Биыл құрылыс индустриясы, жиһаз өндірісі, машина жасау, қойма және басқа да салаларда жалпы құны 140 млрд теңгеден асатын 30-ға жуық жобаны іске қосуды жоспарлап отырмыз. №1 индустрия паркінің табысты жұмысы ескеріле отырып, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі арқылы №2 индустрия паркін құру жобасы жүзеге асып жатыр. Оны 2028 жылға дейін аяқтау жоспарланған. №2 индустрия паркі аумағына машина жасау, тамақ өнеркәсібі, құрылыс, жеңіл өнеркәсіп, жиһаз өндірісі, медицина сияқты сұранысқа ие салаларда жалпы құны 500 млрд теңге болатын 100-ден астам жобаны тарту көзделіп отыр, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Елордадағы инвестиция ахуалын жақсарту – басқарма қызметінің негізгі бағытының бірі. 2025 жылы қала экономикасына 2,5 трлн теңге көлемінде рекордтық инвестиция тартылып, нақты өсім 21,3%-ды құрады. Оның ішінде 1,6 трлн теңге – жеке инвестициялар.

Өткен жылдың 9 айында тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны 2,4 млн долларды құрап, бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 2,7 есе жоғары болды. Өсім динамикасына іске асып жатқан инвестиция жобалары, оның ішінде Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға жүктелген жобалар елеулі ықпал етіп отыр.

Қазіргі уақытта жалпыұлттық инвестициялық жобалар пулында жалпы инвестиция көлемі 2,1 трлн теңгені құрайтын 151 жоба бар, олар 22,5 мың жұмыс орнын құруды көздейді. Жобалардың басым бөлігі логистика, өнеркәсіп және білім беру салаларында жүзеге асуда.

– Қала экономикасында сауда және қызмет көрсету саласының үлесі шамамен 80%-ды құрайды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша сауда саласындағы өсім 8,9% болды, оның ішінде бөлшек сауда айналымы 15,5%-ға, көтерме сауда 6,4%-ға артты. Көшедегі сауданы дамыту мақсатында «Көшедегі сауда павильондарын орналастыру» бағдарламасы аясында қала бойынша 345 павильон орналастырылған. Сауда павильондарын орналастыру тәртібін реттеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, оның ішінде мониторинг жасалады. Биылғы кезең ішінде жүргізілген мониторинг нәтижесінде белгіленген талаптарды бұзған 225 сауда павильоны бұзылды, – деді басқарма өкілі.

Туризмді дамыту – басқарманың негізгі бағытының бірі. 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша елордаға шамамен 1,2 млн адам келген, бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9%-ға артық. Талдау деректеріне сәйкес, туристердің 77%-ы демалыс, түрлі іс-шараға қатысу және сауда жасау мақсатында келеді, ал 23%-ы іскерлік және мәдени сапарлар аясында келген. Елордаға Ресей, Қытай, Түркия, Германия және АҚШ елдерінен келушілер көп.



ЖАҢА МАМАНДЫҚТЫ МЕҢГЕРДІ

Бас қалада іске қосылған Joltap әлеуметтік жобасы тұрғындардың еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды меңгеруіне, өздеріне лайықты жұмыс табуына және табысын арттыруға көмектесіп келеді.



Жоба игілігін көргендердің бірі – елордалық косметолог Әсел Бақытжанқызы. Ол Joltap жобасы аясында өткен SMM және таргетолог курсына қатысып, кәсібін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік алды. Айтуынша, әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану оның қызметін дамытуға және клиенттер санын арттыруға ықпал еткен.

«Сұлулық индустриясына қызығушылығым мен адамдарға пайдалы болсам деген ниетім осы салаға келуіме себепші болды. Оқуымды аяқтағаннан кейін алғашқы пациентімді қабылдап, теріні тазалау және күтім процедурасын жасаған едім. Қазір, негізінен, инъекциялық косметология бағытында жұмыс істеп жүрмін» деді ол.

Маманның мәлімдеуінше, косметология саласында жұмыс істейтіндер үшін қызметті дұрыс таныстыру мен аудиториямен байланыс орнату өте маңызды. Осы тұрғыда Joltap жобасының SMM және таргетолог курсы көп көмегін тигізген.

«Курс шамамен 1,5 аптадай өтті. Осы уақыт ішінде әлеуметтік желіні жүргізудің түрлі тәсілін, бірнеше бағдарламамен жұмыс істеуді және жарнаманы дұрыс орналастырудың қыр-сырын үйрендік. Алған білімімнің арқасында Instagram парақшамды жүйелі түрде жүргізіп, таргет арқылы жарнама беруді қолға алдым. Соның нәтижесінде жаңа клиенттер келе бастады» дейді Әсел Бақытжанқызы.

Жобаға қатысушы әлеуметтік желі арқылы қызметті дамыту қазіргі уақытта кәсіпкерлер үшін маңызды құралға айналғанын атап өтті.

«Қазір адамдардың көпшілігі қажетті қызметті әлеуметтік желі арқылы іздейді. Сондықтан SMM мен таргетті меңгеру мен үшін өте пайдалы болды. Бұл білім өз ісімді дамытуға және клиенттермен байланыс орнатуға мүмкіндік берді» деді ол.

Қазіргі уақытта маман орта есеппен күніне 3-6 пациент қабылдайды, ал айына 40-80 адамға дейін қызмет көрсетеді. Оның айтуынша, бұл көрсеткішке жетуде әлеуметтік желілердегі белсенді жұмыс та өз әсерін тигізген.

«Клиенттердің сенімін ақтау үшін жұмыс барысында қауіпсіздік пен сапаға ерекше көңіл бөлемін. Joltap жобасында өткен SMM және таргетолог курсы өз ісімді дамытуға үлкен серпін берді. Әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану арқылы клиенттер санын арттырып, кәсібімді тұрақты дамытуға мүмкіндік алып отырмын» деді косметолог.

Әсел Бақытжанқызы алдағы уақытта кәсіби білігін арттырып, жаңа технологияларды меңгеруді жоспарлап отыр. Сонымен қатар SMM мен таргет саласында алған білімін пайдаланып, қызметін одан әрі дамытуды көздейді.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

КЕШЕНДІ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛДІ

Астана қаласының Алматы ауданында инженерлік инфрақұрылымды жүйелі түрде жаңғыртудың кезекті кезеңі аяқталды. Аудан әкімінің аппараты тарапынан биыл бұрын орталықтандырылған және газбен жылыту жүйелеріне қосылмаған нысандар анықталып, кешенді жұмыс жүргізілді.

Бұған дейін Железнодорожный тұрғын алабында қатты отынмен жұмыс істейтін қазандықты газбен жылыту жүйесіне көшіру жүзеге асырылған еді. Сонымен қатар апаттық жағдайдан кейін Оңтүстік-шығыс шағын ауданындағы Ошақты көшесі, 11 мекенжайындағы тұрғын үй орталықтандырылған газбен жабдықтау жүйесіне қосылып, тұрақты жылумен қамтамасыз етілді.

Аудан әкімі аппараты баспасөз қызметінің хабарлауынша, бүгінгі таңда Іле көшесі, 33 мекенжайындағы тұрғын үйді жылу жүйесіне қосу жұмысы аяқталды. Сондай-ақ Железнодорожный тұрғын алабында орналасқан №29 мектеп толығымен газбен жылыту жүйесіне ауысты. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Алматы ауданындағы жылумен жабдықтау саласындағы проблемалық учаскелер кезең-кезеңімен жойылып, инженерлік желілердің тұрақты жұмыс істеуі қамтамасыз етіліп, тұрғындар үшін қосымша қауіпсіздік кепілі жасалды. Аудан аумағында коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмысы одан әрі жалғасады және Алматы ауданы әкімдігі аппаратының тұрақты бақылауында болмақ.



КЕЛ, БАУЫРЫМ, КӨРІСЕЙІК!

14 наурыз – Көрісу күні. Бұл – Қазақстанның батыс өңірі мен Ресейдің шекаралас аймақтарындағы қазақтардың арасында сақталған ежелгі дәстүр. Мұны Амал мерекесі деп те атайды.



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Ат төбеліндей ауылдың Амал мерекесін асыға күтетіні бар. Себебі Жер-ана беті жібіп, айнала ажарланып, алдымен ауылға сән кіреді. Мал төлдейді. Қытымыр қыстың сіреskен қары жұқарып, ел-жұрттың аузы аққа тие бастайды. Көктемнің алғашқы күні Көрісу күнімен орайласып, тай-құлыны тебісіп өріс кеңейіп, ағайын арқа-жарқа болады.

– Көрісу күнін асыға күтеміз. Неге? Өйткені алыстағы ағайынмен тығыз байланыс орнайды. Қыс бойы көрмеген туысыңды көріп, көңілің бірленеді. Арада болған түсініспеушілік, арыз-шағым ұмытылып, қыстан есен шыққан ел-жұрт өткенге шегініс жасап, келер күннің берекесін тілейді. Кешірім сұрайды. Ағайын арасындағы араздық кешіріледі. Көрісу күні екі адам бір-біріне қос қолын ұсынып көріседі. Құшақтасады. Шаңыраққа шаттық тілеп, мал-жанның аман болуын Жаратушыдан сұрайды. Үйдің егесіне береке-бірлік тілеп, ақ дәмнен ауыс тиеді. Ұлан-асыр той болады. Міне, Амал мерекесі осы үрдісімен қызықты. Сондықтан осы күнді асыға күтеміз, – деп ағынан жарылды Астанаға қыдырып келген Айболат Өмірзақов.

Көрісу күнін қала тұрғындары қаншалықты біледі деген ниетпен қала тұрғындарына сауал жолдағанбыз. Өкініштісі сол, көбі білмейтін болып шықты.

– Мұндай күн бар екенін естімеппін. Өзім Солтүстік Қазақстанның тумасымын. Біздің жақта мұндай мереке болған емес. Қазір мейрам көбейіп кетті ғой, мүмкін жаңадан шыққан мереке шығар, – деді аты-жөнін айтудан бас тартқан қала тұрғыны.

– Көрісу күні еліміздің батыс өңірінде кеңінен таралған. Бұл жайында хабарым бар. Әрине, тәрбиелік мәні бар мереке болса, кеңінен насихатталғаны жөн. Ағайынның басы бірігіп, бір-біріне ақжарма тілек ақтарып отырғанға жететін ештеңе жоқ қой! Сондықтан ел болып тойлап жатса қарсылығым жоқ, – деді қала тұрғыны Амантай Асқаруұлы.

14 наурыз – қазақ халқының көне әрі қасиетті дәстүрлерінің бірі Амал мерекесі, яғни Көрісу күні. Бұл – қыстан аман шығып, бір-бірімізбен қауышып, ағайын-туыс, көрші-қолаңмен көрісетін ерекше күн. Ата-бабамыз мұндайда өкпе-реніштерді ұмытып, бір-бірінің қолын алып: «Бір жасыңмен!», «Жасың құтты болсын!» деп құшақ жайып амандасқан.

– Бұл – адамдардың бір-біріне мейірім мен ізгілік сыйлайтын күні. Кішілері үлкендерге сәлем беріп, батасын алады. Қонаққа бару – туыс-туған, көрші-қолаңды аралап, амандық сұрау. Әр отбасы ақ дастарханын жайып, бауырсақ пен тәтті тағамдарын әзірлеп, қонақ күтеді. Амал мерекесі тек көрісу ғана емес, бұл – жаңару, татулық, бірлік пен берекенің басталатын күні. Баршаңызға амандық, молшылық, жүректеріңізге тыныштық тілеймін. Әр шаңыраққа қуаныш пен береке орнасын. Амал мерекесі құтты болсын! Бір жасқа шығуыңызбен! – деп ақ тілегін арнады астаналық тұрғын Кенжегүл Тайғара.

Көзімізді ашқалы, қадамды нық басқалы Көрісу күні мерекесі есімізде шегеленіп қалған. Балталасаңда бұзыла қоймас. Әжем жарықтық алыстағы ағайын-туысты асыға күтіп отыратын. Сол күні кешкілік көрші ауылдардың адамдары біздің шаңыраққа келе бастайды. Үйдегі үлкен кісіге көрісіп, аман-саулығын сұрасып, қонақ болып қайтады. Шаңырақта арнайы мал сойылады, табақ-табақ ет тартылады. Әулеттің бала-келіндері қонақ күтіп, батасын алуға асығады. Бұл жылдағы бұлжымас дәстүр еді. Осының барлығы тәлім мен тәрбие екені айтпаса да түсінікті. Жалпы ауылдағы қарты бар қара шаңырақтар қонақтан үзілмейді. Алысты жақыннан туғандары келіп, мәре-сәре боп жатады. Мерекенің басы осы бір күнмен шектеліп қалмайды. Жалғаса береді. Үзілгеннің жалғанып, өшкеннің жанғанын Амал мерекесінде көруге болады. Бұл үрдіс ел бойынша жалғасын тапса жаман болмас еді.





НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛДЫ

Елордадағы «Достық» үйінде Астана қалалық дін істері басқармасы және «Қамқор-Астана» қоғамдық қорының бастамасымен Наурыз мерекесіне орай «Көрісу күні – ұлттық дәстүр мен рухани келісімнің жалғасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Кездесуге діни бірлестіктердің, ғылыми қауымдастықтар мен мемлекеттік органдардың жастар қанатының өкілдері қатысты.

– Бүгінгі таңда Астанада 14 конфессия бойынша 57 діни бірлестік жұмыс істейді, аталған ұйымдардың мүшелері осы дөңгелек үстелге қатысуда. Іс-шара қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін насихаттауға, конфессияаралық диалогты нығайтуға, жастар арасында өзара құрмет пен қоғамдық келісім мәдениетін дамытуға бағытталған. Жиында Көрісу күні мерекесінің рухани-адамгершілік маңызын, оның қоғам бірлігін нығайтудағы рөлін, сондай-ақ жастар арасында дәстүрлі құндылықтарды сақтау мен ілгерілетудің заманауи тәсілдерін талқылау жоспарлануда, – деп атап өтті «Қамқор-Астана» қоғамдық қорының бөлім басшысы Адия Романова.

Іс-шара соңында «Үздік ұлттық киім» және «Үздік ұлттық безендіру» аталымдары бойынша жеңімпаздар анықталды. Басты мақсат – дәстүрлі қолданбалы өнерге деген қызығушылықты арттыру және ұлттық мәдени құндылықтарды қолдау.



АҚПАН-ТОҚПАН – ҚЫСТЫҢ СОҢҒЫ ЫЗҒАРЫ

10 наурыздан бастап соққан ат құлағы көрінбейтін ақ түтек боран Арқа еліне қатты жайсыз тиді. Күні-түні соққан боранмен төпей жауған қар мен сүйектен өтетін үскірік аяз қабаттасып, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер қара өзек шаққа таяған жұртты әбден титықтатты. Тек солтүстікте ғана емес, жылда бұл мезгілде жер көктеп, гүл-бәйшешек шешек атып кететін оңтүстік өңірлерге де қар жауып, қыс ызғары ерте көктемнің лебін жұтып, қыс қайта түскендей күй кештік.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Табиғаттың бұл тосын мінезін жұрт та сансаққа жүгіртіп, біреу «бұл отамалы» десе, ал біреу «бөрі сырғақ деген осы» деп жатыр. Тіпті «киіктің мойын жуары» деп жатқандар да бар. Бұл – бабадан балаға жалғасқан қазақтың дала астрономиялық білімінен көз жазып қалғанымыздың салдары. Бұл арада «есепшілер» қазақтың амалының көнеше жыл есебімен жүретінін және сол тоғыс есебінде де өзгерістердің болатынын ескермей отыр. Яғни қазақтың көне амалдары қазіргі жаңа календарьмен дәлме-дәл сәйкес келмейді. Мәселен, Үркердің батуынан келесі жылғы батуына дейін 365 астрономиялық күн бір астрономиялық жылды құрайды. Ал шын мәнінде Үркердің батуынан келесі жылдағы батуына дейінгі уақыт 365 күнге және 6 сағатқа, яғни соңғы уақыт тәуліктің төрттен біріне тең келеді. Сөйтіп, осы 6 сағат немесе тәуліктің 4/1 жинала келіп, төрт жылда 1 күн, қырық жылда 10 күн, 80 жылда 20 күн, 120 жылда 30 күн болады. Әуелде отамалы май айына сәйкес болған, бірақ әр жылдағы 6 сағат айырма жинала келіп, 120 жыл өткен соң отамалы көкек айына (апрельге), 240 жыл өткен соң наурыз айына (мартқа), 480 жылдан соң ақпан (февраль) айына ауысып отырған. Міне, біз осы қағидаға сүйеніп, соңғы күндері соғып тұрған ат құлағы көрінбейтін ақ боранды «Ақпан-Тоқпан амалы» (екі ағайынды) немесе «қайталаманың ақ бораны» деп болжап отырмыз.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында: Ақпан-Тоқпан амалына «Үш – жеті күндік қатты суық амалдың екінші атауы, екі ағайынды» деп анықтама берген.

«Ақпан-Тоқпан» амалын қазақ «Ақпан-Тоқпан – алты күн, аязымен жеті күн» деп атаған. Ежелгі түркілер ақпан айын «кічік ай» деп атаған екен. Бұл қыстың ең соңғы айы деген мағынаны білдірсе керек.

Ақпан-Тоқпан амалы – үт айының онында кіріп, он бесінде шығады. Әрине, үт туралы да талас көп. Үтті біреулер ақпан айының көне атауы десе, енді біреулер ақпан айының 22-сі басталып, 21 наурызда аяқтайтын кемпір шуақ мезгіл үт деп аталады дейді. Ал Қытай мен Моңғолия қазақтары тоқпанды ақпан айындағы амал ретінде қарастырады.

12 шоқжұлдыздың арабша атауларына негізделген парсы күнтізбесіндегі ай аттары (амал, сәуір, зауза, саратан, әсет, сүмбіле, мизам, ақырап, қауыс, жәди, дәлу, хұт) қазақтың да ай және амал аттарына сіңген. Тіпті біздің «Амал» деп жүргеніміздің өзі парсыша ай аты болып шығады. Тауриххамсада парсыша ай аттарын қазақша ай аттарымен салыстырып, бірдің айы хұт (февраль, қазақтардың үт деген ай аты осы хұт сөзінен келген болса керек. Шын мәнінде үт сөзі қазақ тілінде күн сәулесімен шағылысып көрінетін тозаңды білдіреді) деп жазады. Демек, қазақтар бірдің айын (ақпан айын) үт деп те атайды. Бұл үт қазіргі ай аттарымен айтқанда 22 ақпаннан 21 наурызға дейінгі 29 күнді меңзейді.

Халық аңызында Ақпан-Тоқпан есімді ағайынды екі жігіт кезекпен қой бағады екен. Бір күні ауа райы кенеттен бұзылып, екеуі қоймен бірге ығып, далада үсіп өлген. Соңы жұтқа айналған. Содан бері ел ішінде қатты суық түсетін осы кезең «Ақпан-Тоқпан амалы» аталып кеткен.

Қазақ халқы табиғат құбылыстарын жұлдыз қозғалысымен байланыстырып, ғасырлар бойы өзіндік уақыт есептеу жүйесін қалыптастырған. Бұл – тек күнтізбе ғана емес, мал шаруашылығына, көш-қонға, тіршілік ырғағына тікелей әсер еткен дала астрономиясының бір бөлігі. Осы білім жүйесін ғылыми тұрғыдан қайта зерделеп, халықтық уақыт есептеу дәстүрін жаңғырту маңызды. Өйткені табиғат пен уақытты танудың бұл тәжірибесі – халқымыздың тарихи жадын, дүниетанымын танытатын құнды мұра.

№30 (4928) 14/03/2026 Сенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ



ЖАЛҒАН АҚПАРАТТАН ШЫНДЫҚТЫ ҚАЛАЙ АЖЫРАТАМЫЗ?

Жер бетіндегі 8 млрд-тан астам халықтың 5 млрд-қа жуығы қазіргі кезде ақпаратты әлеуметтік желілерден алады. Әлеуметтік желілердің ыңғайлылығы мен қолжетімділігі оны жалған ақпарат таратудың қуатты арнасына айналдырды. Әлеуметтік желілерде жалған ақпарат тарату тетіктері көп. Соның ішіндегі негізгі үшеуі мыналар: контентті орналастыру алгоритмі, эхо-камералар, боттар мен жалған аккаунттар. Бірінші тетік өте қауіпті. Себебі әлеуметтік желілерде атышулы және жұртты адастыратын ақпараттарды тез тарататын алгоритм бар. Екінші тетікке келсек, әлеужелілерді қолданушылар тек өзінің ниеттестерімен коммуникация жасайтын эхо-камералар жалған ақпаратты өршіте түседі. Ал жалған ақпаратты таратуда және бұқараның санасын манипуляциялауда боттар мен жалған аккаунттарды қолданудың да қаупі зор.

ФЕЙК ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?

Осыған нақты мысалдар келтірейік. Жуырда әлеуметтік желілерде, жекелеген отандық БАҚ-та Иран аумағында пайда болған улы бұлттар Орталық Азия елдеріне, соның ішінде Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстанға жетуі мүмкін деген ақпарат тарады. Алайда екі елдің метеорологиялық қызметтері бұл мәліметтердің ғылыми негізі жоқ екенін хабарлады. Соның ішінде Қазгидромет мамандары Қазақстан бағытына қышқылды жауын-шашынның таралуы мүмкін деген ақпарат ғылыми деректерге сәйкес келмейтінін растады. Мониторинг нәтижелері бойынша Иранннан Қазақстанға қауіпті заттардың таралу белгілері тіркелмеген. Мамандардың түсіндіруінше, қышқылды жауын-шашын атмосфераға өнеркәсіп, энергетика және көлік салаларынан бөлінетін күкірт пен азот оксидтерінің әсерінен қалыптасады. Әдетте мұндай ластаушы заттар олардың пайда болған аймақтарына жақын жерде шоғырланады. Олар ұзақ қашықтыққа таралған жағдайда табиғи атмосфералық процестердің әсерінен концентрациясы едәуір төмендейді. Сондықтан мыңдаған шақырым қашықтықта қауіпті деңгейдегі қышқылды жауын-шашынның пайда болуы өте сирек кездеседі.

Екінші мысал – банкомат арқылы қолма-қол ақша алатын азаматтардың деректер базасы құрылды деген ақпар. Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы мемлекет тарапынан банк терминалдары (банкоматтар) арқылы қолма-қол ақша алатын азаматтардың деректер базасы құрылды деген ақпараттың таралу фактілерін анықтады. Құзырлы орталық өкілдері бұл ақпарат манипулятивті сипатқа ие және шындыққа сәйкес келмейтінін түсіндірді. Ұлттық Банк елімізде қолма-қол ақша алу фактісі бойынша ешқандай тізім жүргізбейді. «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында банкоматтарда бейнебақылау камералары орнатылған. Сол камералар қылмыстардың (алаяқтық немесе ұрлық) алдын алуға, сондай-ақ тұтынушылардың және ықтимал құқық бұзушылардың әрекеттерін тіркеу арқылы оқиғаларды тергеп-тексеру барысында пайдалануға мүмкіндік береді. Бейнежазбаларды сақтау даулы жағдайлар мен құқық бұзушылықтар кезінде дәлелдеме ретінде қызмет етеді және банк тұтынушылары мен қаржы ұйымдарының мүдделерін қорғауға бағытталған» делінген ресми хабарламада. Бұған қоса, барлық банктер банкоматтарда төлем карточкасын ұстаушының бет-жүзін тіркеуге мүмкіндік беретін кемінде бір бейнекамера орнатуға міндетті. Ондағы бейне ақпарат кем дегенде 180 күнтізбелік күн сақталуы тиіс.

Тағы бір мысал. Жуырда тараздық әйел өзіне қарақшылық шабуыл жасалды деп полицияға арыз берді. «Бетперде киген белгісіз бір ер адам үйіме кіріп, қаруымен қорқытып, қолымды байлап, алтындарым мен ақшамды алып кетті» деп жазыпты ол арызында. Хабарламадан алған соң полиция қызметкерлері жедел тергеп-тексеру, күдіктіні іздестіру іс-шараларын жүргізеді. Бірақ күтпеген жағдай болады. Әлгі әйелге ешқандай да шабуыл жасалмаған. Полицейлер анықтағандай, әйел адам күйеуімен жанжал туындамас үшін қарақшылық шабуыл туралы оқиғаны ойдан шығарған. Шындығында ол алтын әшекейлерін бірнеше ай бұрын күйеуіне айтпай сатып жіберіпті. Енді қылмыс туралы көрінеу жалған хабарлама беру дерегі бойынша тергеу амалдары жүргізілуде.



Ал фейкті шынайы ақпараттан қалай ажыратуға болады? Қазіргі кезде интернетте жалған сурет пен бейне ақпарат, «жаңалықтар» түріндегі бұрмаланған контент көптеп таралып жатыр. Алайда жалған материалдарды бірнеше әдіс арқылы оңай ажыратуға болады. Мәселен, JPEGsnoop сайты контенттің мета деректерін оқиды және сәйкессіздіктерді анықтайды. Сондай-ақ Forensically және FotoForensics құралдары арқылы суретке өзгеріс енгізілгенін, оның жалған я манипуляция екенін білуге болады. Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы әр мәліметтің анық-қанығын тексеріп алуға шақырады.

3 МЛН ТЕҢГЕ АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Әлеуметтік желіде біреу Сіз туралы жалған ақпарат таратса, алдымен қажетті дәлелдерді жинауыңыз керек. Яғни, жазбалар мен жарияланымдардың скриншоттарын, заңды түрде жазылған аудио немесе бейне жазбаларды, куәгерлердің деректері мен телефон нөмірлерін айғақ ретінде пайдалануға болады. Одан кейін өтініш жазып, дәлелдермен бірге жеке куәлігіңіздің көшірмесін e-Otinish порталы арқылы немесе жазбаша түрде полицияға және прокуратураға жолдайсыз. Қаперіңізде ұстайтын нәрсе, біреудің ар-намысы мен беделіне нұқсан келтіретін жалған ақпарат таратқандарға 3 млн теңгеден астам айыппұл салынады. Айыппұл мөлшері ақпараттың таратылған тәсіліне қарай өзгереді.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, 2025 жылдың 6 айында жалған ақпарат тарату бойынша 47 қылмыстық іс тіркеліпті. Осы орайда, ІІМ фейктерді тарату қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғатынын ескертеді. Қазақстанда жалған ақпарат таратқаны үшін 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Ұлтаралық, діни немесе әлеуметтік алауыздықты қоздыру фактілері де ерекше алаңдаушылық туғызып отыр. Бұл үшін заңнамада 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында осындай фактілер бойынша 64 қылмыстық іс қозғалған. 15 адам сотталып, олардың тоғызына бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Интернетте жалған ақпаратты таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілікпен қатар әкімшілік жауапкершілік те бар. ӘҚБтК-нің 456-2-бабы бойынша өткен жылдың алты айында 38 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

КІМДЕР КӨБІРЕК АЛДАНАДЫ?

Өткен жылы неміс ғалымдары күллі жаһан жұртын елеңдеткен жаңалық ашты. Жалған ақпаратқа білімді, сауатты адамдар көбірек ұшырап, алданып қалады екен. Мұндай тұжырым білімді адамдар жалған ақпаратқа алданбайды деген қалыптасқан қағиданы әлсіретіп қана қоймай, керісінше, оларды көбірек алдайтынын көрсетіп отыр. Ғалымдар 2016 жылғы АҚШ президенттік сайлауы кезінде Twitter-де таралған 700 мыңнан астам твитті талдаған. Нәтижесінде жоғары білімді, саяси белсенді пайдаланушылар жалған ақпаратқа жиі сенетіні анықталған. Ғалымдардың пікірінше, мұндай адамдар ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға бейім болғандықтан, өздерін алдауға қиын деп ойлайды. Бұл – ең қауіпті қателесу. Зерттеуден анықталған тағы жаңалық – 18-31 жас аралығындағы интернетті қолданушылар ақпараттың шынайылығын бағалауда қиналатынын айтыпты. Сауалнамаға қатысушылар интернеттегі бір сайттан оқыған жаңалықтың тақырыбына бірден сеніп қалатынын жасырмаған. Олар кейінірек сол жалған ақпаратты әлеуметтік желілерден көріп, одан сайын илана түседі екен. Зерттеушілердің мұндай тұжырымы фейктердің әсіресе әлеуметтік желілер арқылы қоғамға кеңінен таралуы зор қауіп туғызатыны анық айтылған. Сайып келгенде, PNAS ғылыми журналында жарияланған зерттеу арқылы неміс ғалымдары Digital Natives-ке (цифрлық технологиялар әлемінде өздерін суда жүзген балықтай сезінетін жас ұрпақты Батыста осылай атайды) жататын буынның жалған ақпаратты шындықтан ажыратуда дағдарысқа ұшырайтынын дәлелдеді.

ЖАЛҒАН ЕКЕНІН ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙМЫЗ?

Енді жалған ақпаратты анықтаудың өзімнің журналистік тәжірибемде жиі қолданатын 8 тәсілін оқырманға ұсынайын. Жаңалықтар лентасынан я болмаса әлеуметтік желілерден өзің оқып, шынайылығына күмәнданған болсаң, ол ақпаратты мынадай 8 тәсілмен тексер.

1. Дереккөзін қара.

Өзің оқыған жаңалықтан сайттың басты бетіне көшіп, ақпараттың негізгі мақсатын және оны жазған адамның байланыс нөмірін анықтауға ұмтыл. Өйткені сайттың басты бетінің соңғы жағында тілшілердің аты-жөні, байланыс нөмірлері толық жазылып тұрады.

2. Авторын тексер.

Сол материалдың авторы туралы ақпаратты ізде, оған сенуге бола ма, болмай ма, ондай адам өмірде бар ма, жоқ па дегенді анықтап ал.

3. Ақпараттың шыққан күнін тексер.

Ескірген жаңалықты қайтадан бөлісу оның маңыздылығы сақталады дегенді білдірмейді.

4. Дұрыс пікірмен бағала.

Ең бастысы, жаңалықты қабылдауың мен ақпаратқа сенуің өзіңді шатастырмайтынына назар аудар.

5. Толықтай оқып шық.

Материалдың тақырыбы бірден көзге ұрып, назарыңды аударуы мүмкін. Сондықтан жаңалықты толық оқып, ой елегінен өткіз.

6. Сілтемелерді бас.

Материалға қатысты сілтемелерді басып, ол жерде жазылған ақпарат шындыққа қаншалықты сәйкесетінін бағала.

7. Әзіл емес пе?

Егер жаңалық бір түрлі болып көрінсе, ол сатиралық шығарма болуы мүмкін. Қателеспеу үшін сайтты және материалдың авторының аты-жөнін қайталап оқы.

8. Мамандардың көмегіне жүгін.

Егер бұл ақпаратқа күмәнің болса, сол саланың мамандарынан сұра. Мысалы, кітапханашы, IT маманы т.б. Я болмаса ақпараттың шынайылығын тексеретін сайттың көмегін пайдалан.

Астана қаласының прокуратурасы бір жыл бойы әрекет еткен алаяқтар тобын әшкереледі. Тергеуден анықталғандай, сауда үйінің қызметкері 10 танысымен қылмыстық келісімге келіп, тұрмыстық техниканы төмен бағамен сатып алу үшін жалған промокодтар рәсімдеген. Қылмысқа қатысушылар iPhone ұялы телефондарын, ноутбуктерді, теледидарларды, тоңазытқыштарды және басқа да электроника тауарларын сатып алып, оларды үшінші тұлғаларға сатқан. Сауда үйіне келтірілген залал – 473,6 млн теңге. Қылмыстың барлық 10 қатысушысы 4 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Жеке зерттеу еңбегімде жазылғандай, жалған ақпараттың негізгі 6 түрі бар. 1. Сатира және пародия. Бұл жерде бұрмаланған ақпарат сатира, соның ішінде пародия түрінде беріледі. Яғни, пародия жасау арқылы жалған ақпаратты шынайы ақпарат ретінде көрсетеді. 2. Жалған байланыс. Бұл тәсіл қазір жиі қолданылады. Ақпарат таратушылар бір-біріне қатысы жоқ себептерді көрсетіп, жұртты адастыруға ұмтылады. 3. Шатастыратын мәтін. Бұл жерде өмірде болмаған оқиғаны, құбылысты шынайы етіп көрсетіп, қоғамды шатастыратын мәтінді жаппай таратады. 4. Жалған өнімдер. Алаяқтар белгілі бір танымал брендтік өнімдерге залал келтіру масқсатымен соған ұқсас сапасыз жалған өнімдерді таратып, соған керемет жарнама жасайды. 5. Алаяқтың контенті. Көбінесе өмірде жолы болмаған адам басқа біреудің атын өзіне жапсырып, соның атынан ақпарат таратады. Бұл – зиянды әрі қауіпті ақпарат. 6. Басқарылатын контент. Белгілі бір адамдар интернеттегі контентті адамдарды қызықтыратын формада шығарады. Мысалы, мемдер, бейне жазбалар, тестілер, электрондық кітаптар.

Инфографиканы жасаған автор

БІР САХНА – ҮШ АКТЕР

Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ ұлттық музыкалық драма театрында Мағжан Жұмабаевтың әйгілі «Шолпанның күнәсі» әңгімесі бойынша сахналанған осы аттас спектакльдің премьерасы өтті. Қойылым режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлсина Мирғалиева.



Шығарманың мазмұны бәрімізге белгілі, оған тоқталудың реті жоқ болар. Сол баяғы, бір шикі өкпе нәрестеге зар болған ата-ана, жұбайлар арасындағы шынайы сүйіспеншілік... Соған қарамастан, жас әйелдің өз тілеуі үшін «күнәлі» іске баруы...

Қойылымның негізгі өзегі – бедеулік мәселесінің қай ғасыр болса да, яғни, өткен ғасырлардағы қазақ даласында санаулы түтіні бар қарапайым ауылдар тұрмақ, тіпті әлемдік медицинаның қарыштап дамып кеткен қазіргі күнінің өзінде жойылмай келе жатқан өзекті проблема, ол – бедеулік жайы.

Ең әуелі айта кетерлігі, М.Жұмабаевтың тілінің құдіреттілігі, оны сахнадағы кейіпкерлер ойынын көрмей-ақ, көзді жұмып алып, жайбарақат отырып құлақпен жай ғана тыңдап та ләззат алатындай – тым көркем, кескінді. Міне, сол көркем тілдік қазынаны спектакльде кейіпкерлер бейнесін орындап жүрген әртістердің ойын барысында шебер бере білулері қандай әсерлі! Дауыстары қуатты, көрермен жүрегіне дөп тиіп, жанға жылы, жұп-жұмсақ, жұп-жұмыр жетіп жатты.

Осы ретте, Шолпан образын сомдаған актриса (Арай Омарова) – дауысының күші зор, қуатты, қазақ театры тарихында есімдері жатталып қалған небір майталман актриса аналардың жолын басар өте алымды, сахнада теңізде жүзген балықтай, өз кәсібінің ұңғыл-шұңғылдарын еркін де, терең меңгерген өнер шебері екендігін таныта ойын көрсеткенін атап өткен жөн. Тек, актриса ойынында кей тұстарда кейіпкер жанының хал-күйіне байланысты кішкене дауыс темпі мен ырғағы, екпін, ішкі жан күйіне сай өзгерістерге түсіп, психологиялық иірімдерге көбірек ене түссе, сонда түйдек-түйдек айтылар сөздер ішке түсіңкіреп, одан бетер шұрайлырақ, реңктілеу бола түсер ме еді...

Спектакльдің сахналық бояуы, сценографиялық шешімі – тек жарық арқылы өте шебер де, әсерлі берілген. Бұл – біздің ұлттық театрдың қазіргі жаңа заманауи цифрлық дәуіріндегі технологиялық әлеуетінің әлемдік тенденцияларға сай ірі жетістіктерін айғақтайды. Демек арыға бармай-ақ, осыдан бес-он жыл ілгеріректің өзіндегідей, сахнада: ауыр декорациялар мен артық жабдықтар, басы артық ештеңе жоқ. Барлық қажетті атмосфера – су да, өзен де, оның жағалауы да, табиғат көріністері де, ауа райының күйлері де, бәрі-бәрі тек қана жарық арқылы, яғни, арнайы қойылып, білікті беріле білген сан бояулы жарықтың қуатылығы; сондай-ақ дауыстың, дыбыстың, музыканың берілу реттілігімен өте әсерлі де әсем суреттелген. Бұл қазіргі сандық технологияның театр өнеріне енген ірі жетістігінің және онымен орынды жұмыс істеп, қолдана білген өз істерінің шебері: қоюшы-суретші, жарық суретшісі, дыбыс беру мамандарының заман талабына сай нәтижелі істерінің айғағы.



Әртістер сахналық ауысуларда («переход») өз ойындарына кішкене темп, қарқын қоса түссе... Сонда, көрерменге ондай тұстарда кішкене басқа нәрселерді ойлануға сәт те болса мүмкіндік, мұрсат бермеуші еді... Яғни, даладағы қарлы бұрқасын ауа райын ойлауға немесе сағаттың неше болғанын қарауға, әлде қойылымнан соң үйге қалай қайтам деген секілді сәттік ойларға кезігуге ырық бермей, бар назарды тек қана сахнаға байлап-матап ұстар еді... (Бұл әрине, пессимистік тұрғыдан қарағандағы ой.)

Ал жалпы алғанда спектакль – өте таза, деңгейі жоғары. Қойылымның кәсіби шеберлердің қолынан шыққандығы, қалыптасқан суреткерлердің: қоюшы-режиссері – Гүлсина Бақытжанқызы секілді шебердің алтын жүзікке асыл тастан көз қондырғандай, иненің көзінен өткендей көркем сахналанғандығы айқын.

Жоғарыда атап өткендей, спектакльдің авторлық тілі – өте көркем, жатық, құнарлы. Соған қарамастан, қойылымда тірі жанды әртістер ойнап жүргендіктен, ішінара бір сөз айтылып «кетсе», жалпы сахналық «аппақ әлемге» бір тамшы қара дақ тамып кеткендей кері әсерін тигізеді. Мәселен, спектакльде Әзімбай бейнесін кейіптеген актердің (Ерғұлан Жанпейісов) шығармада жоқ бір ғана аңдаусыз айтылған «...жеңеше» (бір есімді айтты) деген оқыс сөзі – актер үшін «кешірілмейтін» қателік. Мұндай бір ғана «қателіктің» өзі – кішігірімдігіне қарамастан, спектакльдің бір жарым сағаттық бүкіл болмыс-ұсқынына кәдімгідей қара «күйе» жағылып кетуімен бірдей нәрсе. Сондықтан да әртіс мұндайға жол беріп алудан өте сақ болу керек.

Тағы бір айта кетерлігі, негізгі рөл – Сәрсенбай бейнесін кейіптеген актер (Жанат Оспанов) ізденіс барысында сахналық пластикалық әрекет («Парасат майданы» спектакліндегі басты образды сомдаушы актер Нүркен Өтеуіл жасаған пластикалық шешімі секілді) тауып алды ма, демек оны қойылымның өне бойында орындап отырса, әйтпесе табылған шешім спектакльдің басында көрініс тапса, ол образдың орындалу барысында «ұмытылып» кетпегені жөн. Бұл жағына, пластиканы қоюшы маман әлі де зер сала, толықтыра түссе деген тілек бар. Сахналық ізденіс, мінезділік кейіптеуіне сай ол әрекет жасалды ма, демек, қойылым барысында оқтын-оқтын, психологиялық иірімдер барысында қажетінше қолданылып отырса, образдылық бояу қанығa түсер ме еді...

630 көрермен тамашалап отырған залда бірде-бір тырп еткен сыбдыр сезілмеді, көрермен ұйып тыңдап, тұшына ден қоя тамашалады.

Спектакльде үш-ақ актер болса да, ұлттық театрдың кең сахнасын толық толтырып тұрды. Бұл деген сөз, қойылымның және актерлар ойынының ауқымдылығын, толымдылығын танытады. Осыдан-ақ, спектакльдің өте жоғары деңгейін, сапалы сахналанғандығын айғақтайды.

Ақзия ЖАЙЛЫ

№11 «ГАУһАР» БАЛАБАҚШАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АУДИТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2025 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілері тізімі аясында №11 «Гауһар» балабақшасында аудиторлық іс-шара өткізді.

Тексеру нәтижесінде бюджеттік және басқа да заңнамалық бұзушылықтар шамамен 32,4 млн теңге көлемінде анықталды, оның ішінде:

• қаржылық бұзушылықтар – 4,4 млн теңге;

• рәсімдік бұзушылықтар – 28 млн теңге.

Аудит барысында Кәсіпорынның даму жоспарын нақтылау және түзету кезінде кемшіліктер анықталды, бұл кейбір шығындық баптар бойынша артық жұмсауға әкелді, сондай-ақ қызметкерлерге қосымша төлемдердің заңсыз есептелген фактілері тіркелді.

Сондай-ақ бухгалтерлік есеп жүргізудегі бұзушылықтар анықталды: кейбір активтердің негізгі құралдар құрамында есепке алынбауы және ұзақ мерзімді активтердің қорлар құрамында көрсетілуі, бұл қаржылық есептіліктің бұрмалануына себеп болды.

Мемлекеттік сатып алу саласында әлеуетті жеткізушілердің конкурс талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдері негізсіз қабылдануы, лоттарға бөлінбеуі, техникалық сипаттамалардың ұлттық және халықаралық стандарттарды көрсетпей орналастырылуы, фирмалық атауларды көрсету, бір көзден жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу туралы есептердің уақытында жариялануы сияқты бұзушылықтар анықталды.

Аудит барысында қаржылық бұзушылықтар 2 млн теңге, рәсімдік бұзушылықтар 2,4 млн теңге көлемінде бухгалтерлік есепке енгізу және қалпына келтіру арқылы жойылды.

Бұзушылықтарға байланысты үш лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Аудит нәтижесі бойынша балабақшаға анықталған бұзушылықтарды жою және бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқама жолданды.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДА ҰЛТТЫҚ РЕЖИМДІ ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасының Үкіметі конституциялық құрылыстың негіздерін қорғау, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарықты қорғау, ұлттық экономиканы дамыту, қазақстандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында ұлттық режимнен шығарып тастауды екі жылдан аспайтын мерзімге белгілейді.

Шығарып тастау қолданылатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер тізбесі экономикалық тұрақтылықты және ішкі нарықтың жай-күйін талдау негізінде қалыптастырылады.

Шығарып тастауды қолдану айрықша сипатқа ие және ол отандық өндірушілерді қолдау мен бюджет қаражатын тиімді әрі ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған.

Заңнаманың жекелеген нормалары, оның ішінде отандық өндірушілер үшін жеткізу мерзімінің ұлғайтылуы және аванс беру тетіктері қазақстандық тауар өндірушілерді қолдауға, ел ішінде толық өндірістік циклды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұлттық экономиканың дамуына және мемлекеттік сатып алу жүйесіне отандық бизнестің қатысуын кеңейтуге қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Биыл жылдың басынан бастап Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті мемлекеттік сатып алуларға жүргізілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша тапсырыс берушілердің белгіленген мерзімді сақтамауына байланысты жалпы сомасы 2,1 млрд теңгеге 250 хабарлама жолдады.

Департамент мемлекеттік сатып алу саласында жүйелі бақылауды жалғастыруда және бұзушылықтарды уақтылы анықтау мен жою бойынша шаралар қабылдай отырып, отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған заңнама нормаларына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын, заңдылығын және тиімділігін қамтамасыз етеді.

Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде жоспардан тыс аудиторлық іс-шара өткізді.

ОНЛАЙН БЮДЖЕТТІК МОНИТОРИНГ – ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҚҰРАЛЫ

Аудит тағайындауға негіз ретінде «Онлайн бюджеттік мониторинг» модулінің деректері алынды. Аталған деректерге сәйкес мәдениет ұйымы қызметкерлерінің карт-шоттарына жалақы және лауазымдық айлықақыға қосымша төлемдер ретінде аударылған тәуекелді төлемдер анықталған.

Аудит нәтижелері бойынша жалпы сомасы 26,2 млн теңгеге қаржылық бұзушылықтар және 467,2 мың теңге көлемінде рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Мекеменің жекелеген қызметкерлері ғылыми атағы болмағанына қарамастан негізсіз «Профессор» лауазымына тағайындалған. Соған сәйкес лауазымдық айлықақыға қолданылатын коэффициенттер дұрыс қолданылмаған, нәтижесінде 16 млн теңге сомасына артық жалақы және өзге де төлемдер есептеліп, төленген.

Сонымен қатар, мекеме тарапынан «Оқытушы-концертмейстер» лауазымындағы қызметкерлерге 10,2 млн теңге сомасына жалақы негізсіз есептеліп, төленген.

Сондай-ақ мекеме бюджет кірісіне аударылатын салықтық төлемдерді уақтылы есептеу, ұстап қалу және аудару талаптарын сақтамаған. Аталған бұзушылықтардың сомасы 467,2 мың теңгені құрады.

Осыған байланысты бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бұзғаны үшін университеттің бас бухгалтері әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Аудит қорытындысы бойынша мекеме атына анықталған бұзушылықтарды жою және оларды жіберген лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқама жолданды.

Бүгінгі күні нұсқама толық көлемде орындалды: артық төленген жалақы 26,2 млн теңге көлемінде бюджет кірісіне өтелді, сондай-ақ 467,2 мың теңге сомасындағы салықтық аударымдар бюджетке аударылды.

Алдағы уақытта Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті қаладағы әлеуметтік сала ұйымдарында заңсыз төлемдердің алдын алу мақсатында онлайн бюджеттік мониторингтің мүмкіндіктерін пайдалануды жалғастырады.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2026 жылы – 5190000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

ХАБАРЛАМА

«Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ 11.03.2026 ж. № 559 «Астана қаласының коммуналдық меншігіне сыйға тарту шарты бойынша мүлікті қабылдау туралы» бұйрығы бойынша «Астана шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 120340003574 жарғылық капиталдың мөлшері 725 453 (жеті жүз жиырма бес мың төрт жүз елу үш) теңге 53 тиынға азайғаны туралы хабарлайды.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torgi

№30 (4928) 14/03/2026 Сенбі

Наурызнама онкүндігі



14 НАУРЫЗ
Көрісу күні – Амал мерекесі
Үлкендерге арнайы сәлем беріп, құрмет көрсету, ізгі тілек жаудыру салты

15 НАУРЫЗ
Қайырымдылық күні
Игі істер дәстүрін тарату қоғамда қайырымдылық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді

16 НАУРЫЗ
Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні
Ұлтты ұлт ететін айрықша белгілердің бірі – мәдениеті мен өнері

17 НАУРЫЗ
Шаңырақ күні
Сүйіспеншілік, құрмет, сенім, өзара көмек, мейірімділік, жанашырлық, анаға құрмет, ұрпақ сүю

18 НАУРЫЗ
Ұлттық киім күні
Халық рухының шағылысын бейнелейтін ұлттық дизайнның көркемдігі мен қайталанбас өрнегі

19 НАУРЫЗ
Жаңару күні
Өз өмірінде және әрбір қазақстандықтың өмірінде жаңа кезеңнің басталуы

20 НАУРЫЗ
Ұлттық спорт күні
Мәдени мұраны сақтау, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін күшейту

21 НАУРЫЗ
Ынтымақ күні
Наурыз мейрамы бізді ұлттық өзекке оралтып қана қоймай, ел ішіндегі ағайын мен сырттағы бауырларды байланыстырушы көпір ретінде қызмет етеді

22 НАУРЫЗ
Жыл басы
Халқымыздың дәстүрлері мен құндылықтарына қайта оралудың символы әрі жаңа тарихи кезеңді бастауға дайындық

23 НАУРЫЗ
Тазару күні
Наурыз ертеден табиғат тазалығы мен адамның ішкі жан дүниесінің тазалығын сақтап, үйлесімде болуын үндейді

КҮШ АТАСЫН ТАНЫДЫҚ

Биыл даңқты палуан, Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына 155 жыл толып отыр. Осыған орай Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрында халықаралық дәрежедегі палуанға арналған биографиялық тарихи драмасы сахналанды. Қойылым авторлары – Асылбек Наурызбай, Аманжол Қазыбек, ал режиссері – Ақниет Жақсығали.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ



Сахналық қойылым Мұңайтпастың құдайға жалбарынып ұл тілеуінен басталады. Шыр етіп өмірге келген сәби көзін ашпастан анасынан ажырайды. Әжесінің бауырында болған бала Мұқан әкенің тәрбиесін алып, өзін шыңдай бастайды. Қажымұқан Мұңайтпасұлына арналған қойылымда театр тілі арқылы палуанның қайсарлығы мен батылдығы өрбіген өмірі суреттеледі. Сахналық туынды – ұлт мақтанышы болған балуанның тағдыры, елге деген сүйіспеншілігі, ерік-жігері мен адамдық болмысын жаңа қырынан танытатын әсерлі қойылым болды. Оның балалық шағындағы қиындықтары, палуан ретінде қалыптасуы, Еуропадағы күрес жолы, халыққа қызмет ету жолындағы таңдауы көрсетіліп, осы оқиғалар арқылы күш пен адамгершілік, намыс пен агрессия арасындағы терең тартыс ашылады. Қойылымда кейіпкерлердің екі құрамы кезекпен өнер көрсетеді. Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін қойылым арқылы көрермен тарихи тұлғаның өмір жолымен бірге оның ішкі күресін, арманы мен мұратын сезіне алады.

– Қажымұқанның бейнесі қазақ сахнасында тұңғыш рет қойылып отыр.

Осы орайда Ә.Мәмбетов театрының басшылығынан бастап, авторы мен режиссеріне алғыс айтқым келеді. Өздеріңіз білесіздер, палуан жайында кітапта жазылды, киноларда түсірілді. Алайда сахналық бейнесі әлі күнге сомдалмаған еді. Міне, сол бүгін батыр бабамыздың 155 жылдығына орайластырылып отырғаны қуантады. Қажымұқанға арналған қойылым көрерменнің соның ішінде жастардың көңілінен шығады деп есептеймін, – деді өлкетанушы әрі қажымұқантанушы Майра Керейбай.

– Қажымұқан атамызға арналған қойылымның сахна төрінен табылғанына қуаныштымыз. Бір әулеттің емес, күллі әлемге танылған тұлғаның дәріптелуі, оның жүріп өткен жолының сахна тілінде сөйлеуі өскелең ұрпақты рухтандырады деп білемін. Алдағы күндері Қажымұқан драмасының көрермені де көп болары сөзсіз, – дейді Қажымұқан Мұңайтпасұлының ұрпағы, шөбересі Айкен Мұқан.

Палуанның бала бейнесін Ернар Сылқымбек, бозбала кезін Бейбарыс Асқарбеков, әлемді мойындатқан кезін мәдениет саласының үздігі Бағлан Иманғазинов сомдады. Қажымұқанды жан-жақты көрсете алған қойылымда Балуан Шолақтың да бейнесі көрсетіледі. Ол ән салып, бозбала Қажымұқанға батасын береді.

Әке арманын орындаған Қараөткелдің Қажымұқанын яғни күш атасын осылайша танып қайттық.

ЖАС ШАХМАТШЫ ЖАРАДЫ

Астана қаласының 15 жастағы жас шахматшысы Сауат Нұрғалиев Мәскеудегі Aeroflot Open халықаралық турнирінде жоғары нәтиже көрсетті.



Аталған жарысқа 16 елден 169 шахматшы қатысты. Олардың ішінде 49 гроссмейстер болды. Қатысушылар қатарында Ян Непомнящий, Александр Грищук, Андрей Есипенко сынды әлемге танымал шахматшылар да бар.

Сауат Нұрғалиев турнир қорытындысы бойынша 8-орынға ие болды. Жарыс 9 турдан тұратын швейцарлық жүйе бойынша өтті.

Турнир жеңімпазы Ян Непомнящий 7,5 ұпай жинады. Ал Сауат Нұрғалиев 6,5 ұпай еншілеп, 4 жеңіс және 5 тең нәтижемен бірде-бір партияда жеңілмеді.

Жас шахматшы бастапқы рейтингте 74-орында тұрғанына қарамастан, жарыс барысында Есипенко, Грищук, Даниил Дубов және басқа да титулды спортшылардан жоғары нәтиже көрсетті. Оның рейтингтік көрсеткіші – 2423 ұпай. Сауат турнирді сенімді аяқтады. Соңғы турда ол қара фигуралармен ойнап, 17 жастағы ресейлік гроссмейстер Савва Ветохинді (2572) 113 жүрістен кейін жеңді.

Наурыз

14 НАУРЫЗ 14:00
«Ұлы Еліміздің Көрісу күні – Амал мерекесі»
Достық үйі

14 НАУРЫЗ 12:00-16:00
«Көрісу күні – Амал мерекесі»
Ататүрік саябағы

15 НАУРЫЗ
«Ардагерлерді ардақтайық» акциясы
Астана қаласы бойынша

16 НАУРЫЗ 17:00
«Мәдениет күні – шынайы дәстүр кеңістігі»
Е.Рахмадиев атындағы филармония

16 НАУРЫЗ
«Ұлттық құндылық – ұлттық болмыс»
Ұлттық академиялық кітапхана

16-17 НАУРЫЗ 10:00, 12:00, 14:00
«Наурыз. Жарық күші» қойылым
«Жастар» сарайы

16-17 НАУРЫЗ 19:00
«Жас Абай» спектаклі
Ә.Мәмбетов театры

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №30
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА